



КӨЖЕ- ҚАЗАҚ ТАҒАМЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Қостанай облысы,
Аманкелді ауданы, Үрпек
ауылы, Жаңа ауыл жалпы
білім беретін орта
мектебінің 7 «Ә» сынып
оқушысы Бейсен Ұлан
Думанқызы



Ғылыми жетекшісі: Тарих пәнінің мұғалімі
Байдилдина Айгул Галимухановна

Бағыты: Этномәдениеттану

Қазіргі кезде дүкен сөрелерінде "Таң" деп аталатын сусын толып тұр. Сыртында "армян ұлтының сусыны" деп көрсетілген. Бірақ аптап ыстықта шөлді қандыратын сусынды негізі қазақтар істеген. Ертеден келе жатқан көжені әлі күнге дейін аналарымыз бар.

Анам Мархаббат әкем шөлдемесін деп қысы-жазы көжені әзірлеуді үзген емес. Анам айтып отырады: «Келін болып түскеннен бері бие сауып, күбі пістік. Енем ерте жасында өмірден озды. Өмірінің соңғы сәтінде маған "Күбіні қаңсытпа" деген еді. Сол аманат күні бүгінге дейін жадымда» - деп айтып отырады. Анам үнемі көже істеп, ашытып отырады.

Біздің үйде қара күбінің қадірі ерекше. Бар береке де өзінде болса керек. 15 литрлік күбі бұл отбасымен бірге жасасып келеді. Міне, биыл әкем мен анам отау құрғалы 20 жыл болыпты. Күбіміздің іші майлы, берекелі болды, – дейді анам. Расымен де, осы жылдар ішінде ішінен ақ үзілген емес. Шаңыраққа келімді-кетімді кісінің бәрі де анамыздың балдай сусынынан дәм татып кетеді. Қымызға бергісіз көженің дәмі ерекше.

Әкеме даладан тобылғы алдырып, күбінің ішін айына бір-екі рет ыстап алады. Сонда көженің дәмі арта түседі ғой, шіркін. Бірақ мұндайды көрмегендер "әпке, мынаның ішіндегі қап-қара жүзіп жүрген не?" деп түсінбей тыжырынып жатқаны. Күбі ыстаудың қаншалықты пайдалы екенін қайдан білсін?

"Егер әр келіншек үзбей осы көжені істеп тұрса, балалар дүкеннің неше түрлі химиялық қоспалармен жасалған тәтті сусындарын ішпей, шөлін көжемен-ақ қандырады еді. Денсаулығы да мықты болып өседі" деп назын білдіреді Анам.

Көжені дайындау үшін: 10 литр суды (одан азырақ та алуға болады) қайнатып, оған 1 кесе ұнды суға шайқап, сүзіп құясыз. Оған 1,5 литр сүт құйып, дәміне қарай тұз салып, бір қайнатып аласыз да суытып қоясыз. Осымен көжеңіз әзір. Енді салқындаған сусынға ашытқы құйып, 1-2 күн ашытасыз. Егер ашытқы болмаса, дүкеннің

айранымен де ашытуыңызға болады. Бір ашытып алған соң, осы дайын көжеден 1,5 литрдай ашытқы қалдырып, үстіне көже дайындап құйып отырасыз. Осылайша сусыныңыз дайын болады.

Ұмыт болып бара жатқан осы бір ұлттық сусынымыздың түрі де көп екен. Оның бір түрі "қара көже" деп аталады. Ашаршылық заманда жұрт масақ теріп, диірменге салып, кебегінен көже, ұнынан ботқа жасап ішкен. "Бір күн ішкен қара көженің қуаты үш күнге демеу" – деген сөз содан қалған екен. Дәмі ерекше қара көженің қуаты зор болады. Талқанды тек суға қайнатып емес, май мен қатық қосып та дайындауға болады. Аурудан әлсіреп, қалжыраған адамдарға, босанған келіншектер мен сүзектен бас көтерген науқасқа ішкізіп, ағзаға қуат жидырған.

Көженің бар сыры оның құрамындағы талқанда болып тұр. Бидайдың құрамындағы пайдалы элементтер мен Е дәрумені адам ағзасы үшін аса қажетті екенін ескерсек, сауықтыратын қасиетінің де дәлелі бар. Сондай-ақ, арпа мен бидай және күріштің құрамында "лизин" деп аталатын амин-қышқылы бар. Бұл тері тығыздығының тегіс-тігін сақтауға, асқазан-ішек жолдарының жұмысын жақсартуға, ми жұмысын арттыруға көмектеседі.

Лизиннің бірқатар вирустарға қарсы күресе алатын күші және бар. Сары май, құйрық май, сүр май қосып, босанған келіншектерге ұсынады. Әсіресе, жылқының майынан жасалған қара көже әлсіреген ағзаны толықтырып, күш-қуат береді. Жиі айтылатын "дисбактериоз" іш қатудың алдын алып, дәрумендер қорын толықтырады. Міне, енді сіз қара көженің қасиетін де біле жүретін боласыз!

Социально-бытовая ориентировка подростков с ОВР в условиях дома юности

Воспитатель КГУ «Детский дом для детей с ОВР»
Управления образования Карагандинской области
Баулекова Сауле Раймбековна

Социальное благополучие человека во многом зависит от того, как он приспособлен, адаптирован к окружающей действительности, каковы его самооощущения в ней.

Социально-бытовая ориентировка подростков с ограниченными возможностями в развитии (ОВР) существенно затруднена в силу неполноценности их познавательной деятельности, обусловленной психическим недоразвитием. Такие дети бывают безынициативны, их эмоции недостаточно яркие, они не умеют выразить свое эмоциональное состояние, затрудняются в понимании состояний других людей.

Дети не могут регулировать свое поведение на основе усвоенных норм и правил, не готовы к волевой регуляции поведения. В отличие от нормально развивающихся сверстников, социальное развитие которых происходит в значительной мере произвольно и спонтанно,

подростки с ОВР не в состоянии самостоятельно выделить и освоить образцы решения социальных и бытовых задач.

Под социально-бытовой ориентацией понимается способ деятельности личности и ее общения с окружающим, в процессе чего воспитываются привычки, установки, определяются нормы взаимоотношений в семье, с родственниками, коллегами по работе, друзьями, соседями, развиваются умения организовать бытовой труд, досуг, направлять его на формирование, удовлетворение духовных запросов и поддержание здоровья. В контексте формирования личности такого ребенка социализация возможна лишь при условии целенаправленного обучения и воспитания, обеспечивающих их подготовку к самостоятельной жизни.

С целью совершенствования процесса социализации детей с ОВР в условиях дома юношества проводятся занятия по социально-бытовой ориентировке, как специальный вид коррекционных занятий, имеющих практическую направленность, где основное внимание уделяется социальной адаптации подростков и их профессионально-трудовой подготовке.

В обучении выделяются два направления:

-первое из них включает формирование у подростков тех навыков, которые необходимы в повседневной жизни, в первую очередь в условиях дома юношества;

-второе направление связано с достижением более отдаленной цели — овладение теми знаниями и умениями, которые потребуются детям в их самостоятельной жизни.

Социально-бытовая ориентировка предполагает подготовку подростков с ОВР к успешной самостоятельной жизни в современных социально-экономических условиях, формирование у них умений ориентироваться в различных сферах быта, обследовать их и планировать свою деятельность в разнообразных социально-бытовых ситуациях.

Процесс формирования социально – бытовой компетентности осуществляется на протяжении длительного времени, требует особых усилий, терпения и настойчивости со стороны, как самих подростков, так и педагогов, оказывающих им помощь и поддержку.

За время воспитания и обучения у подростков необходимо развивать жизненно важные навыки. Это обязательное условие самостоятельной жизни подростков с ОВР в коллективе, они должны уметь самостоятельно себя обслуживать, выполнять в быту и на производстве простую работу.

Занятия проводятся индивидуально или в малых группах, в связи, с чем подросток получает возможность взаимодействия и общения со сверстниками, и приучается к обучению в коллективе.

Процесс воспитания и обучения подростков должен содействовать их всестороннему развитию. Целями коррекционно-воспитательной работы с подростками с ОВР, в конечном счете, является их адаптация, трудоустройство и дальнейшее приспособление к жизни.

Достижение поставленных целей обеспечивается решением основных задач:

-совершенствование мелкой моторики, закрепление простейших качественных связей и зависимостей,

сенсорных эталонов, простейших операций анализа и синтеза, навыков классификации и систематизации;

- коррекция эмоционально – волевой сферы, межличностных отношений и общения;

-совершенствование навыков самообслуживания, личной гигиены, хозяйственно-бытовых навыков, расширение сферы социально-бытовых контактов;

-формирование представлений о чистоте и порядке в помещении, на территории дома-юношества;

- широкое использование продуктивных видов деятельности;

-формирование представлений и знаний о нормах культуры поведения, накопление соответствующего опыта;

-обучение адекватным формам социального поведения в проблемных ситуациях, при социально-бытовых и микросоциальных контактах соблюдая принятые правила приличия;

- формирование сотрудничества с близкими людьми;

- перенос нового позитивного опыта в жизненную практику;

-воспитание позитивных качеств личности;

-воспитание уважительного отношения к труду людей.

Накопление социально-бытовых знаний и умений идет постепенно, последовательно и систематично. Последнее предполагает разностороннюю, каждодневную работу. Обязательным условием является практическая направленность социально-бытовой ориентировки, вариативность ее содержания и форм, учет индивидуальных и типологических особенностей подростков с ОВР.

Литература:

1. Забрамная С.Д. Психолого-педагогическая диагностика умственного развития детей / С.Д. Забрамная. – М.: Просвещение, 1995.
2. Девяткова Т.А., Кочеткова Л.Л., Петрикова А.Г., Платонова Н.М., Щербакова А.М. Социально-бытовая ориентировка в специальных (коррекционных) образовательных учреждениях VIII вида: Пособие для учителя./Под ред. А.М. Щербаковой. –М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2003.
3. Настольная книга педагога-дефектолога. – Ростов н/Д: «Феникс», 2005.
4. Психологическое и социальное сопровождение больных детей и детей-инвалидов: Учебное пособие / [под ред. С.М. Безух, С.С. Лебедевой]. – Спб.: Речь, 2007.
- 5.Екжанова Е.А. Системный подход к разработке программы коррекционно – развивающего обучения детей с нарушением интеллекта. // Дефектология. – 1999г. — №6
- 6.Дефектология: Словарь-справочник. Под редакцией Б.П. Пузанова – Москва, Новая школа, 1996г.
- 7.Коррекционно – развивающая направленность обучения и воспитания умственно отсталых детей. Сборник научных трудов. – Москва, МГПИ имени В.И.Ленина. – 1983.
- 8.Маллер А.Р., Цикото Г.В. Обучение, воспитание и трудовая подготовка детей с глубокими нарушениями интеллекта. – Москва, Педагогика, 1988.

ТӘРБИЕ БЕРУДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

*Маңғыстау облысы Ақтау қаласы № 17 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі
Джанбирова Санжан Адилевна*

Отбасы – адам баласының алтын діңгегі. Өйткені адам ең алғаш шыр етіп дүниеге келген сәтінен бастап, осында ер жетіп, отбасының тәрбиесін алады. Сондықтан да отбасы – адамзаттың аса қажетті, әрі қасиетті алтын мектебі. Отбасының адамзат ұрпағына деген ықпалы мен әсер күшін өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайтындай. Өйткені ата-ананың балаға деген тәрбиесінің орнын еш нәрсе толтыра алар емес.

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» – деген нақыл сөз отбасы тәрбиесінің маңызын айқындатып тұр емес пе? Отбасы мүшелерінің жас шамасы әр түрлі болса да, олардың арасында бір-бірімен рухани жақындығы, мақсат ынтымақтастығы бар.

Шынында, отбасы – ол да бір шағын мемлекет. Әр мемлекеттің өзіне тән өндірісі мен өнім бөлісі, сыртқы және ішкі саясаты, кіріс-шығыс бюджеті, қастерлеп ұстанатын рәміздері, т.б. болатыны сияқты, әр отбасы болмыс-тіршілігінің де соған ұқсас жақтары бар, оның жаратылысы да басшылық пен қосшылықты қажет етеді. Сондықтан отбасының құрылымына зор маңыз беріліп, мәнін қорғаған, отбасының ар-намысын сақтауға, сырын шашпауға, мүшелерін бір-біріне қатысты адалдыққа тәрбиелеген. «Отан отбасынан басталады» деген сөздің мәнісі де осында.

Ата-ана өз отбасын нығайта отырып, сонымен бірге оның балағатқа толған мүшелерін үй болуға, өз шаңырағын көтеруге әзірлеуі басты әрі өте жауапты міндет болып саналады. Жас отаудың түтіні түзу шығып, махаббат пен тату-тәттілік, береке-бірлік орын тепкен жылы ұяға айналуы, босағасы берік, болашағы нұрлы болуы көбіне-көп жас жұбайлардың үлкен үйде алған тәрбиесі, көрген өнегесіне байланысты.

«Әрбір баланың мінез құлқы ата - анасының жағымды іс - әрекетінің үлгі алуы барысында қалыптасады.» деп Павлов айтпақшы баланың мінез - құлқы өскен ортасына, көрген тәрбиесіне байланысты қалыптасады. Ата - ана бала үшін ең бірінші үлгі тұтар адамы, өзін көретін айнасы. «Ұяда не көрсең, ұшқанда, соны ілерсің», «Анасына қарап, қызын ал», - деп, халық бәрін бастан кешіп, сынақтан өткізгендіктен айтқан. «Ата – ананың ақылы – қазулы қара жолмен тең» деп Дулат Бабатайұлы айтпақшы ата – ана баласының түйсігіне қандай іс салса, бала сол жолмен жүре беретіні белгілі.

Хан ордасы, салтанатты сарайларда талай күн аунап-қунап жатып, өзінің шұрқ тесік құрым киіз лашығына қайтып оралғанда Жиренше шешен: «Айхай, менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім», - деп, жаны жай тапқан екен. Бұл аңызда үлкен шындық, терең мән бар. Әркімге, оның ішінде балаға өз үйінен ыстық, өз үйінен кең де керемет мекен жер жүзінде жоқ.

Кавказ халықтарында «Нағыз жайлы орын: қылышқа – қынабы, отқа – ошағы, ер жігітке - өз үйі» – деген тамаша нақыл бар. Адалдықпен мейірімділік, жауапкершілік пен кешірімділік те отбасында шын ықылас-пейілменен баланың көкірегінде орын тебеді. Қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін шеше, бұлар – жанұя мектебінің

ұстаздары болады. Әке мен шешенің баласына қоятын ең бірінші басты талап-тілектері – баланың «әдепті бала» болып өсуі. Сондықтан қазақ жанұясы әрдайым: «Әдепті бол, тәрбиесіздік етпе, көргенсіз болма» деген сияқты сөздерді балаларының құлағына құйып өсірген.

Тәрбие басы әдептілік деп білген ата-ана әуелі баласына өздерін сыйлап-құрметтеуді, өзгелерге, әсіресе үлкендерге, сыпайылық танытуды, ешкімді мұқатпауды үйреткен. Сонымен қатар, балаларының ер-азамат болып, халқына еңбек етулерін басты міндет етіп қойған.

«Бала тәрбиесі-бір өнер, өнер болғанда ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін әркімнің өз тәжірибесі жетпейді. Басқа адамдардың тәжірибесімен танысу керек», - деп қазақтың ұлы ақыны, ағартушысы Мағжан Жұмабаев дәл тауып айтқан. Отбасы – адамзат бесігін тербеткен баланың бас ұстазы. Ұлтымызда «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген дана сөз бар. «Балапан қыран болып ұшу үшін, оны самғатып ұшыратын ата немесе әке де қыран болу керек» деп отбасылық тәрбиеге ерекше тоқталған.

Отбасының бала тәрбиесіндегі ролі

- бала тәрбиесінде отбасы ықпалы басқа тәрбиелік ықпалдарға қарағанда ең басым болып келуі;
- өркениетті, зайырлы, құқықты қоғамның азаматын тәрбиелеуде отбасы мемлекеттің негізгі буыны;
- отбасы – болашақ ұрпақтың бойында ең құнды адамгершілік қасиеттерді қалыптастыратын қоғамның ажырамайтын басты тірек – арқауы;
- отбасы – жеке тұлғаны әлеуметтендіру міндетін жүзеге асырушы. Ол болашақ жас азаматтың дене жетілуіне, шынығуына, рухани және адами дамуына, ең құнды жалпы адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықты бағалауға, еңбек ету дағдысын тәрбиелеуге ықпал жасаушы;
- отбасы бала тәрбиесінде адамзат қоғамының тарихындағы ғасырлар сынынан мүдірмей өткен ұлттық дәстүрді жалғастырушы;
- отбасының әлеуметтік міндеттерінің өзегі тәуелсіздікке ие болған Қазақстан Республикасының мемлекеттік заңдарын құрметтеп, елжанды азамат тәрбиелеу;
- отбасы баланың мамандықты еркін және саналы таңдауына ықпал жасаушы;
- отбасы өзінің ұрпағын болашақ отбасылық өмірге дайындаушы.

В.А.Сухомлинский «Тек қана ата-аналармен бірге, жалпы күш-жігерді біріктіру арқасында мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін.» дегендей мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі үшін тек ата-анамен бірігіп жұмыс істеу керек екенін ескерткен. Өз тәжірибемде тәрбиенің отбасы бағытында «Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы», «Бақытты мекен- отбасы», «Оқу мен тәрбие егіз» «Отбасы-алтын діңгек» «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі мен мектеппен байланысы» тақырыптарында ата-аналармен бірігіп ата-ана жиналысы мен тәрбие сағаттар жүргіздім. Отбасының бала тәрбиесінде алар орны мен маңызы жөнінде пікірталастар мен баяндамалар жүргіздім. Ата-аналарға балаларының тамағының тоқтығы мен көңілінің көктігіне қарайтын, құр асыраушысы рөлінен шығып, ендігі жерде, балаларының білім алу жолындағы серіктесі болу міндеті тұрғандығын еске салдым.

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

*Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы № 17 орта
мектептің бастауыш сынып мұғалімі
Абишева Маржан Бектургановна*

Бастауыш сынып оқушыларын оқытудың маңызды бағытының бірі - логикалық ойлау қабілетін дамыту. Осы процесс қазіргі таңда педагогика саласының өзекті мәселі болып табылады, оған көптеген оқу бағдарламалары мен әдістемелік әдебиеттеріндегі зерттеулер дәлел.

Логикалық ойлану қабілетін әр түрлі әдістермен мектепте, үйде дамытуға болады, бірақ қандай әдістер тиімді екені, әр-бір мұғалім мен ата-анаға белгісіз. Баланың жас ерекшеліктеріне, өсу деңгейіне байланысты логикалық тапсырмалар өзгеріп отырады. Сондықтан баланың жасына тән емес тапсырмаларды беріп, баланың ынтасын қашырып алуға, өзіне деген сенімсіздік оянып, негативті әсер беру мүмкіншілігі де бар. Сондай себептердің салдарынан, кейде бастауыш сынып оқушылары логикалық тапсырмаларды орындауға қиналып жатады.

Бастауыш сынып оқушыларының ойлануының өз ерекшеліктері бар. Дәл осы кезеңде алдыңғы көрнекі – бейнелі ойлану, сөйлеу-логикалық, түсініктеме түріне ауысады. Сондықтан бастауыш сыныптарда оқушылардың логикалық ойлану қабілетін қалыптастыру өте маңызды. Бастауыш сынып оқушылары үнемі логикалық тапсырмаларды орындау арқылы, өздерінің логикалық ойлану қабілетін дамыта алады. Сонымен мұғалімнің оларға көмегі төмендегідей:

- Қоршаған ортамен байланыс жасау;
- Дұрыс түсінік қалыптастыру;
- Теория жүзінде үйренгенін тәжірибиеде қолдану;
- Ойлану операциялар көмегімен талдау (қорытындылау, салыстыру, классификациялау, синтездеу, және т.б.).

Осының барлығы оқушылардың логикалық ойлану қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Оқушылардың логикалық ойлану қабілетін дұрыс жасалынған педагогикалық жағдайлар ғана дамыта алады. Мұғалімнің міндеті әр баланың жеке даралығын ескере отырып, потенциалды қабілетін дамыту және ашуға жағдай жасау.

Бірнеше оқушының логикалық қабілетін дамытатын педагогикалық жағдайларды қарастырайық

1. Балалардың ойлану қабілетін дамытуға арналған тапсырмалар. Осындай тапсырмалар тек қана математика сабағында ғана емес, барлық сабақтарда қолданылса нәтиже береді.

2. Мұғаліммен немесе жоғары сынып оқушыларымен талқылау. Бірге талқылап, өздерінің шешу жолдарын ұсынып, қателіктерін тексеріп, дұрыс жауаптарын дәлелдеуге үйренеді.

3. Сабақ үрдісі әр түрлі элементтерге толы болса, оқушы:

- Түсініктерді салыстыра алады (заттар, құбылыстар);
- Маңызды және маңызсыз белгілерді анықтай алады;
- Талдай, салыстыра және қорытындылай алады.

Бастауыш сынып кезеңінде бала өзінің логикалық қабілетін бағытты дамытуға мүмкіндік туатын кезең. Осы кезеңді нәтижелі және өнімді етуге дидактикалық

ойындар, жаттығулар, есептер мен тапсырмалар жәрдем береді.

Эксперименталды зерттеулер нәтижелері оқушылардың өзіндік логикалық тапсырмаларды орындау барысындағы жауаптары стандартты, біркелкі, жеке дара, креативті жауап бере алатын оқушылардың саны көп емес екенін көрсетті. Осы мәліметтерге сүйене отырып, жүргізілген диагностикалық жұмыстар жалпы оқу процессін, баланың логикалық және шығармашылық қабілетін дамытатын әдістерді жүйелі түрде пайдаланып жүргізу қажеттілігін көрсетті. Осы зерттеулер негізінде балалардың логикалық ойлану қабілетін дамытудың жүйесі құрастырылды.

Жасалынған жүйе бойынша жұмыстар жүргізіліп, логикалық тапсырмалар тек математика сабағынан басқа да сабақтарға енгізіліп, оқушылардың шығармашылық белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсуге септігін тигізді. Сабақтар бойынша шарттары мынадай тапсырмалар мен жаттығулар кешенімен жұмыс жасалынды:

Логикалық ойлануды дамытатын жаттығулар мен ойындар түрлері

«Төртіншісі артық». Бұл жаттығуларда төрт заттың ішінен біреуін, жалпы басқа заттарға тән сипаты болмағандықтан шығарып тастау қажет.

«Не жетіспейді?». Әңгіменің жетіспейтін бөлігін ойлап табу қажет. (басын, ортаңғы немесе соңғы бөлігін).

«Есінеме! Жалғастыр!». Оқушылар сұрақтарға тез жауап беруі қажет.

Элементтерді біріктіру: Қажет фигураларды қиып ұсынылған заттарды (үй, кеме, машина) жинау.

Белгілі сипаты бойынша тану: «7 санының алдында және кейін қандай сандар тұрады?».

Классификациялауға арналған тапсырмалар:

«Мұның барлығын бір сөзбен қалай атауға болады?»:

- 1) шұбат, қымыз, айран
- 2) Сиыр, ешкі, қой, жылқы, түйе .
- 3) Қазақстан, Ресей, Италия, Франция
- 4) Орындық, үстел, шкаф.

Әдебиет сабағында берілген тапсырмалар түрлері:

Мәтін, ертегі, әңгімені өз бетінше аяқтау.

Мәтін бойынша мақал құрастыру.

Шығарма, мәтін, ертегі құрастыру.

Кейіпкерге мінездеме беру.

Бейнеге кіру.

Дүниетану сабағында берілген тапсырмалар түрлері:

Өрмекші—ол не? Жәндік пе, не жануар ма?

Неге қардың түсі ақ? Неге мұз қатты?

Кірпі қыс мезгілінде немен қоректенеді?

Топырақ дегеніміз не?

Математика сабағында берілген тапсырмалар түрлері

1. Бақа-ана мен бақа-қыз кезектесіп шыбын аулап отыр: анасы бір шыбын, қызы бір шыбын, анасы бір шыбын, қызы бір шыбын т.с. Анасы мен қызының қайсысы көп шыбын аулайды? Егер шыбындар 3,5,7,9,..., болса, онда анасы көп аулайды (1шыбын артық), Егер шыбындар саны 2,4,6,8,..., болса, онда екеуі бірдей шыбын аулайды.

2. Үстел үстінде үш түсті шарлар жатыр. Егер қызыл мен көк шарларды санасақ – 3 шар болады, егер қызыл мен жасыл шарларды санасақ – 4 шар болады, егер көк және жасыл шарларды санасақ – 5 шар болады. Үстел

үстінде әр түсті шардан қанша жатыр? 1 қызыл, 2 көк, 3 жасыл шарлар бар. Қызыл мен көк шарлар үшеу болса, онда 2 қызыл, 1 көк не 2 көк, 1 қызыл. Қызыл мен жасыл шарлар көк пен жасыл шарлардан кем(1), онда қызыл (1), жасыл (2). Бұдан кейін көк шарлар санын анықтаймыз.

3. Футбол ойнағанда бөтен қақпаға Айдос 7 гол соқты. Ойын 10:6 есебімен аяқталса, онда Айдос ойнаған команда жеңді ме, жеңілді ме? Айдостың командасы жеңді. Жалғыз Айдостың өзі 7 доп соқса, онда команда 6 доп соғуы мүмкін емес. Сондықтан Айдостың командасы жеңді.

4. Спортшылар жолмен жүгіріп келе жатыр. Бір спортшы алдынан санағанда да, артынан санағанда төртінші жүгіріп келеді. Жолмен неше спортшы жүгіріп келе жатыр? 7 спортшы. Үшеуі алдында, үшеуі артында, спортшы ортада.

Математикалық логикалық есептерден басқа әр түрлі таяқшалармен, керуіртпен ойналатын жұмбақтар оқушылардың ойлануын дамытады.

Таяқшалармен орындайтын тапсырмалар түрлері:

5 таяқшадан 2 бірдей үшбұрыш құрастыру қажет.

7 таяқшадан 2 бірдей шаршы құрастыру қажет.

7 таяқшадан 3 бірдей үшбұрыш құрастыру қажет.

Жоғарыда келтірілген сабақтарда оқушылардың ойлану қабілетін дамыту тапсырмалары мен жүргізілген жұмыстардың мысалы болатын.

Баланың логикалық қабілетінің дұрыс дамуы, оның білімді тиімді ұғынуға, табиғаттың заңдылықтарын түсінуге, өздігінен өнімді ойлануға, өзіне сұрақ қоя білуге және оны жүйелі түрде зерттеу арқылы жетуге көмек береді.

ОҚУШЫЛАРҒА САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Мұнайшы ауылы
№7 орта мектептің бастауыш сынып
мұғалімі Бисенова Жәмилә*

21-ғасыр – ғылым ғасыры. Сондықтан жас ұрпаққа, жас буынға жаңаша білім беру жолында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Бүгінгі ғылым мен техниканың қарыштап даму заманында мектепте дәстүрлі оқыту технологиясының оқушылардың ғылым негіздерін мемлекеттік стандарт деңгейінде толық меңгеруіне кепілдік бермей отырғандығы оқушылардың білім жетістіктерінің нәтижелерінен көрінуде.

Бүгінгі таңда мектептерде оқу-тәрбие үрдісінде түрлі инновациялық педагогикалық технологиялардың қолданылып жүргені мәлім. Бұл технологиялардың бәрін бір пән сабақтарында қамту мүмкін емес.

Сондықтан, мектептегі әрбір пәнді ұтымды меңгертуде оқыту технологиясын таңдап, іріктеу және оны іс-әрекеттік тұрғыда жетілдіру арқылы оқушының әрекеті-технологияны қабылдауы, оған деген ынтасы, құштарлығына мұғалім тарапынан көңіл бөлінуі тиіс. Қазіргі инновациялық-озық технология туралы айтатын болсақ, технология грек сөзінен, яғни өнерпаздық, шеберлік, іскерлік деген ұғымды білдіреді.

Ғалым-педагог, психологтар пайымдауына жүгінсек, В.Беспалько өзінің «Слагаемые педагогической

технологий» деген еңбегінде оны «Оқу-тәрбие процесінің алдын ала жүйелі түрде жобалануы, оны тәжірибеде жүзеге асыру, яғни белгілі педагогикалық жүйенің тәжірибеде жүзеге асатын жобасы», - деп қарастырады.

Инновациялық (озық) білім беру деп - тұлғаның бағдарлы көзқарасты, білімдегі дәлдікті, шығармашылық бастауды, сонымен бірге жаңа технологиялық мағлұматтарды игеруін айтады. Оқыту технологиясы оқу мазмұнын өңдеуге, көлемі мен мақсатын тұжырымдауға арналған әдістер мен құралдардың жиынтығы болса, екінші жағынан, оқушының оқыту үрдісінде қажетті ақпараттық, техникалық құралдарды пайдаланып, оқушыға оң әсер ету әдістерін зерттейді. Демек, оқыту технологиясы – педагогикалық әрекеттерді ғылыми-әдістемелік, іс-тәжірибелік негізде нәтижелі болатындай етіп, жоспарлы түрде ұйымдастыру қажет.

Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары:

Балаға ізгілік тұрғысынан қарау;

Оқыту мен тәрбиенің бірлігі;

Баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;

Балаға өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту;

Баланың танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;

Оқу үрдісін оқушының сезінуі т.б.

Ғылыми-қолданбалы бағытта нақты педагогикалық идеялар мен тұжырымдарға негізделген жаңа педагогикалық технологиялар жобаланады; мұғалімдерге педагогикалық технологияларды оқытудың бірнеше түрлерін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Қазіргі әдістеде технологиялардың бірнеше түрлері бар. Солардың ішінде орта оқу орындарының оқу үрдісінде қолдануға ұсынылатын бірқатар технологиялар бар. Солардың бірі оқушылардың шығармашылық қабілетін, ұшқыр қиялын дамытуға бағытталған деңгейлеп саралап оқыту технологиясы. Бұл мәселені алғаш Қазақстанда Ж.Қараев зерттеген екен. Деңгейлеп саралап оқыту нәтижесінде оқушылар жеке, жұппен, топпен жұмысты жақсы жүргізеді. Белсенділіктері артады, қызығушылықтары басым болады.

Инновациялық технологиялардың бірі – ақпараттық технология. Оқытудың ақпараттық технологиясы - ақпаратпен жұмыс жасау үшін қолданылатын арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар. Ақпараттандыру технологиясы арқылы заман талабынан сай сабақ берудің тиімділігі өте көп. Күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылар мен теледидарды, компьютерді, интерактивтік тақта мен мультимедиялық проекторларды пайдалану үлкен нәтижелер беретініне әр мұғалім өзі көз жеткізіп отыр.

Жаңа ақпараттық технологияның ерекшелігі мұғалімдер мен оқушылардың бірлесіп, шығармашылықпен жұмыс істеуіне ықпал етеді. Мектептердің оқу-тәрбие үрдісіне жаңа ақпараттық технологияны енгізу арқылы оқу сапасы жақсарып, дамыта оқыту жүзеге асырылып, сабақ қарқыны жеделдетіледі. Электрондық оқулық мектеп оқушыларын ақпараттық технологияны кіші жастан меңгеруге көмектесіп, оқушылардың өз бетімен білімдерін толықтыруларына мүмкіндік береді.

Ақпараттық технологияның ерекшелігі: оқушылардың өздері ақпараттар жинап, жаңалық ашуға

ұмтылып, ізденіп жауабын тауып, өзінің қозғарсын логикалық түрде дәлелдейді. Қазіргі таңда бастауыш мектеп сатысында әрбір пән бойынша деңгейлік тапсырмалар жүйесін дайындауға болады. Бастауыштан бастап жеке тұлғаға бағытталған озық педагогикалық технологиялық сабақтар беруі дегеніміз - оқытушының шығармашылық орта қалыптастыруы ғана емес, оқушылардың субъект ретіндегі өмірлік тәжірибесін үнемі назарда ұстауы, сол тәжірибеге сүйенуі.

Ең маңыздысы - әр оқушының ерекше болмысы, тұлғалық қасиеттерін мойындау. Әр баланың жеке даму процесіне, оның тұлғалық қалыптасуына кешенді педагогикалық бақылау жүргізетін бір мезгілде оқытушы да, психологта болуы тиіс. Ойын технологиясы – оқу-тәрбие міндеттерін шешуге бағытталған әртүрлі ойындарды көздейтін дидактикалық жүйелер. Ойын дегеніміз - жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс. Ойын-төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ұқыптылықты, ізденімпаздықты, іскерлікті, дүниетаным өрісінің көлемділігін, көп білуді, сондай-ақ басқа да толып жатқан сапалылық қасиеттерді қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық тиімді әдістердің бірі.

В.А.Сухомлинскийдің сөзімен айтар болсақ, «Ойынсыз ақыл ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуы да мүмкін емес». Ұлы педагог А.С. Макаренко ойынға үлкен мән бере отырып, өзі басқарған мекемелерінде ойынды тәрбиеленушілер өміріне міндетті түрде енгізіп отырды. Ойын баланың өмірін қызыққа, қуанышқа бөлеуін қамтамасыз ету үшін ол балалардың ойынға деген сүйіспеншілігі мен қызығушылығын тәрбиелейді,- деп қарастырады.

Ойын - халық педагогикасының құрамды бір бөлігі. Ұлттық ойындар халықтың әлеуметтік - экономикалық жағдайларына байланысты туып, дамығанына қазақ халқының ұлттық ойындарымен таныса отырып, көзіміз әбден жетеді. Ойынның да өзіне тән мотивтері болады. Ол ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар, ерік сезім түрлерін де дамытады. Кез-келген сабағын қызықты өткізу үшін ізденіс, жаңаға ұмтылу жұмысын жүргізу әрбір ұстаз үшін бұлжымас қағида. “Оқытып жүріп, өзіміз де үйренеміз” қағидасын ұстанған ұстаз үшін өзінің әрбір сабағы бірінші өзіне жаңалық болуы тиіс.

Ұстаздың өзі – ізденуші. Сонда ғана өзі қызыққан ұстаз сабағын басқаларға да қызықты жеткізе алады деп ойлаймын. Әрбір сабақта озық технологияларды пайдаланып өткізу әрине жақсы нәтижелер береді. Ұстаз әр кез ізденуші бола білсе, өзі үшін білім жинақтайды, оқушы үшін сабақты қызықты ете алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Тұрғынбаева.Б.Қ, Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005, 174-бет
2. Бұзаубақова К.С. //Жаңа педагогикалық технологиялар//Алматы-Білім. 2000ж. 83-85б.
3. Кириллова Г.Д. Теория и практика урока в условиях развивающего обучения.//Москва-Просвещение,1990ж.-159с.

Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Мұнайшы ауылы
№7 орта мектептің дене шынықтыру пәні
мұғалімі Карабалина Ақгения

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 2-бөлім: Ойын арқылы қарым-қатынас пен әлеуметтік дағдылар.		
Сынып: 1		
Сабақ тақырыбы	Бірқатар қимыл-қозғалыс дағдылары.	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	1.1.2.1. Дене дамуына ықпал ететін жаттығуларды жүйелі әрекет ретінде орындау	
Сабақ мақсаттары	Секіріп қозғалыс ойындары арқылы дағдыларын сабақ барысында стратегия элементтерін пайдалану.	
Бағалау критерийлері	Әділ ойында тактика мен стратегия элементтерінің маңызыдылығын анықтайды, сабақ барысында пайдалана алады және түсінеді.	
Тілдік мақсаттар	Пән мазмұнының ұғымдарымен жұмыс істеуге қажетті жұмыс тілін қолдану (мысалы, топтық жұмыстар, сұрақты дұрыс қоя білу, жағдайды талдау және пікірталас жүргізу үшін қажетті сөздер мен сөз тіркестері).	
Құндылықтарды дамыту	Ұлтжандық, құрмет, командада жұмыс, жауапкершілік пен өзара түсінушілік қалыптастыру. Жүппен және топпен ынтымақтастық пен қарым-қатынасты дамыту бойынша ойындар ұйымдастыру.	
Пәнаралық байланыстар	Сауат ашу, дүниетану (жасөспірімдер физиологиясы).	
АКТ қолдану дағдылары	АКТ (әсіресе ғаламторды) байланыс, істестік, мазмұн жасау, дене тәрбиесі саласында көмек сұрау мен ақпарат табу үшін басты құрал ретінде қолдану.	
Бастапқы білім	Бұл бөлім оқушыларға спорт ойындарында қозғалу дағдыларының спектрін доппен ойналатын ойынға қатысу, жұпта және топта жұмыс істеу арқылы дамытуға көмектеседі.	
	Б = бүкілсыныптық жұмыс. Жж = жұптық жұмыс Тәж = оқушы тәжірибесі. Ф = формативті бағалаудың мүмкіндіктері. Т = топтық жұмыс. Ж = жеке жұмыс К = оқытушы көрсетеді.	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар

<p>Сабақтың басы</p>	<p>Уақытты жоспарлау: Дайындық бөлім: 12-15 мин.Спорттық киімдеріне назар аудару. Сәлемдесу. Жаңа сабақ түсіндіру, өтілу барысымен таныстыру. Қатардағы жаттығулар. Бұрылыстарды біркелкі орындау. Аяқтың ұшын, өкшесін дұрыс пайдалану. Жүрістегі жаттығулар. Жаттығуларды біркелкі, дұрыс орындау. Жүрістегі жаттығулардан жүгірістегі жаттығуларға көшу. Баяу жеңіл жүгіру. Арақашықтықты сақтау. Қол кеуденің алдында, аяқтың ұшымен жүгіру. Мұрынмен тыныс алу. Жүгірістегі жаттығулар. Бірте- бірте ақырындап жүріске көшу. Кең тыныс алу. Жүрісте үш лекпен бұрылып үш қатарға тұру. Жалпы дамыту, жетілдіру жаттығулары.</p>	<p>Әрбір әрекет түріне арналған үлкен, бос кеңістік. Диаметрі шағын доптар 3-10 дана.</p>	<p>Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>
			<p>Берілген тапсырмаларды, жаттығуларды барынша сапалы орындау, жаттығуларды қайталатып орындау.</p>	<p>Оқушылардың өз бетінше тапсырмамен, жұппен жұмыс істеуі, өз бетінше қателерін түзеу.</p>	<p>Дене қуатын үнемдеу шарттары. Дұрыс тыныс алу. Сабақ, жаттығулар барысында техника қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
<p>Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Мұнайшы ауылы № 7 орта мектептің бастауыш сынып мұғалімі Алағозова Нурлыкан Булекбаевна</p>					
			<p>Пән: Әдебиеттік оқу Бөлім: Өнер Сынып: 3</p>	<p>Қатысқандар саны: Қатыспағандар саны:</p>	
<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>(Б, Т) Оқушылар «Кім қуып жетеді?» ойынын ойнайды. Командалардың тапсырмасы – мұғалімнің белгісі бойынша, өздерінің алдында он қадам жерде сызылып тұрған сызыққа бір аяқта секіріп жетуі тиіс. Содан соң топтар кері бұрылып, артқа секіреді. Шекараға бірінші жеткен команда жеңіске жетеді. Бір аяқта секіріп, екіншісін аяқ буынынан ұстап бүгіп тұру сияқты тапсырма беріп, ойынды қиындатуға болады.</p>	<p>Әрбір әрекет түріне арналған үлкен, бос кеңістік.</p>	<p>Сабақ тақырыбы</p>	<p>«Өнер-білім бар жәурттар» Ы. Алтынсарин</p>	
			<p>Оқу мақсаттары</p>	<p>3.1.5.1 өз ойы мен сезімін көркем-бейнелі сөздерді қолдана отырып жеткізу 3.3.2.1 шығарма кейіпкеріне хат/ ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту...)/ өлең (төрт жолды)/ әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу 3.3.4.1 мұғалімнің көмегімен шығарманың құрылымын, стилін жетілдіру, өз бетінше орфографиялық, пунктуациялық қателерді табу және түзету</p>	
			<p>Сабақ мақсаттары</p>	<p>Барлық оқушылар: Өз ойын көркем-бейнелі сөздермен жеткізеді Көпшілік оқушылар: Өлеңді пайдаланып, жұмбақ айтыс құрастырады Кейбір оқушылар: Орфографиялық, пунктуациялық қателерді табады және түзетеді</p>	
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізіледі: Оқушалардан қозғалыстарда қандай жетістіктер бар және оны қалай жетілдіруге болатынын сұрау. Оқушылар таңдаған қозғалыстардағы тірек-қимыл дағдыларын бақылау.</p>				
			<p>Бағалау критерийлері</p>	<p>1. Сөйлеу барысында көркем сөздерді қолданады 2. Өлеңді пайдаланып, жұмбақ айтыс құрастырады 3. Орфографиялық, пунктуациялық қателерді табады және түзетеді</p>	
			<p>Тірек сөздер</p>	<p>Өнер, білім, айтыс өнері</p>	

Құндылықтарды дарыту	Топтық, жұптық жұмыстарды орындау барысында ынтымақтастық орта қалыптастыру. Өмір бойы білім алу, ашықтық құндылықтарды насихаттау.
Пәнаралық байланыстар	Сөйлемнің тыныс белгілері, сөздердің дұрыс жазылуы, сөйлемдегі сөздердің байланысы арқылы қазақ тілі пәнімен байланыс жасалады.
АКТ қолдану дағдылары	Интербелсенді тақта, ұнтаспа
Алдыңғы білімді игеру	Өлеңді мәнерлеп оқиды, сұрақтар құрастыра алады, сөздердің дұрыс жазылуын біледі.
Сабақ барысы	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы 1-7 минут	Топтарға бөлу: Түстерді таңдау арқылы топтарға бөліну Ширату тапсырмасы: «Еден-төбе-мұрын» ойыны Ойынның шарты: Жүргізуші сұқ саусағымен біресе төбені, біресе еденді, біресе мұрнын көрсетеді және “төбе”, “еден”, “мұрын” деп айтып тұрады. Жүргізуші кейде айтқан сөзі мен қимылын керісінше жасап, қатысушыларды жаңылыстыруға тырысады. Кім қателессе, орнына отырады. Соңында қалған үш адам жеңімпаз деп танылады. Тақырыпқа болжам жасау
